

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ

МЕДИЦИНАЛЫҚ ФАКУЛЬТЕТІ – ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖОҒАРЫ
МЕКТЕБІ
МЕДИЦИНСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ – ВЫСШАЯ ШКОЛА ОБЩЕСТВЕННОГО
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ

III ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ФАРАБИ ОҚУЛАРЫ
Алматы, Қазақстан, 2016 жыл, 4-15 сәуір

«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»
Студенттер мен жас ғалымдардың
халықаралық ғылыми конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫ
Алматы, Қазақстан, 2016 жыл, 11-14 сәуір

III МЕЖДУНАРОДНЫЕ
ФАРАБИЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ
4-15 апреля 2016 г., Алматы, Казахстан

МАТЕРИАЛЫ
Международной научной конференции студентов
и молодых ученых
«ФАРАБИ ӘЛЕМІ»
11-14 апреля 2016 г., Алматы, Казахстан

III INTERNATIONAL
FARABI READINGS
April, 4-15, 2016, Almaty, Kazakhstan

MATERIALS
of the International Scientific Conference of Students
and Young Scientists
«FARABI ALEMI»
April, 11-14, 2016, Almaty, Kazakhstan

Алматы
«Қазақ университеті»
2016

Редакция алқасы:
медициналық факультетің – ҚДСЖМ-нің деканы
м.ғ.д., қауымдастырылған профессор Қалмат ева Ж.А.
м.ғ.к. Ұсат аева F.M., м.ғ.д., профессор Сапарбеков М.Қ.

«Фараби әлемі» студенттер мен жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. Алматы, Қазақстан, 2016 ж. 11-14 сәуір. – Алматы, 2016. – 122 б.

ISBN 978-601-04-1888-2

ТҰРҒЫНДАРҒА ГИГИЕНАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДЕ ХАЛЫҚ ЕМШІСІ ӨТЕЙБОЙДАҚ ТІЛЕУҚАБЫЛҰЛЫНЫҢ РӨЛІ

Бүгінде халық емінде қолданылып отырған емдеуді табиғаттағы өсімдік пен жан-жануарлардың нәрінен іздеу және қолдану тарихтың терең тұйығынан басталған. Күні бүгінгі уақытқа дейін емшіліктің барлық дағдылары ұрпақтан ұрпаққа ауызша түрде жалғасын тауып келді.

Адамдар жан мен тән саулығын емдеуде, ел ішіндегі тәуіптен, бақсы-балгерлерден көмек сұрады. Ал емшілер көмек қолын созған халықты өз тәжірибелеріне пайдаланды. Емшілік өніп-өсудің құралына жараған сайын, оған деген мұқтаждық күшейді.

Олардың мұндай әрекеттері болашақ ұрпаққа мұра болып жетуіне негіз болды. Мұндай ғылыми халық емінің дәстүрлі шипагерлік жүйесінің қалыптасуына XV ғасырда өмір сүрген, ғұлама шипагер Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының білгірлігі мен біліктілігі үлкен қозғау салды. Өткен ғасырдың рухани мұрасы, халқымызбен келер ұрпаққа өнегесінен із қалдырған халық емшісі Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының емшілік еңбегі толассыз зерттеуді қажет ететін дүние болып табылады.

Қазақ халқының шипагерлік ілімін ғылыми жолмен дамытуда Ө.Тілеуқабылұлы дала зертханасы арқылы 1108 түрлі дәрі - дәрмек түрін 858 түрлі дәрілік өсімдік пен 318 жан-жануар мүшелері және 60-тан астам металл-металлоидтар жасаған. Шипагер науқас адамдарға арнап 1050 түрлі шипалық емнің атауын, 4577 шипалық дәрілік емдік тізбесін (нақты – 13000 түрін) ұсынып, 430-дан аса адамның сыртқы және ішкі денесінің анатомиялық тұлғалық атауын жазып қалдырған екен, ол біріншіден, қазақ жерінде XV ғасырда-ақ фармакология ілімінің алдыңғы қатарда дамығандығын дәлелдесе, екіншіден, ғұламаның тұжырымдары оның өзіне дейінгі және бүгінгі шипагерлік ғылымнан алшақтығы

жоктығын айқындайды. Үшіншіден, адам денсаулығын қорғау, сақтау, дамыту мен жақсартудың терең ілімдік жетістіктігін мәңгі өз ұлтына қалдыруы, қазақтың шипагерлік өнеріне жол салғандығын білдіреді.

Шипагер ғұлама аурудың пайда болуының басты себебі көзге көінбейтін ауру қоздыратын заттар (микробтар) деген болатын. Ол оба, алапес, сүзек, тәрізді қауіпті жұқпалардың өте қауіпті екендігін, ондай аурудан қорғанып, емделуі қажет екендігін айтқан болатын. Өтейбойдақ Тілеукабылұлы қантышқак ауруының себептерін сипаттап жазып, оны жұқпалы ауру ретінде атап көрсетіп, емдеу түрлерін нұсқаған. Ғұламаның атаулы дүрліктігерлік тәжірибесі қорасан шешекті зерттеуі болып табылады: 1446 жылы науқас адамның қорасан шешек көпіршігінен жағынды алып, тірі сиырдың ірінді жарасына жақты. (бұл тәжірибе ағылшын дәрігері Эдуард Женнердің ашқан жаңалығынан ертеде болған еді.)

Шипагерлік салада денсаулықты жақсартуда аурудың алдын алу бойынша жүргізілетін шараларды меңгеру, салауатты өмір сүруге жетудің үлгісі болмақ. Шипагердің негізгі мақсаты ұдайы емдеу ғана емес, халықты денсаулығын жақсарту тән мен жанды тазарту мәдениетімен оны тұрақты шұғылдануға үйрету, ол үшін толық жүйелі біліммен қаруландыруды басшылыққа алу қажет. Дәрісіз өмір сүру жолын үгіттеу бүгінде негізгі мәселеге айналды. Ғасырлар бойы халқы мен ұрпақтарының денінің сау, ақыл-есінің дұрыс, тұлғалық бітімінің қалыпты сұлу, өнерлі, қайсар болуына мән берген ата-бабаларымыз, денсаулықты жақсарту мен оның тазару мәдениетін дамытуға үлкен мән берді.

Шипагер Ө.Тілеукабылұлының, ұлттық шипагерліктің өрісінің кеңдігі мен тарихының ұзақтығының айнадай жарқыраған жарқын көрсеткіші болары анық екендігін көрсетеді.

Жанболат ова Г., Сапарбеков М.К., Адилова М.Т.,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

ҚАЗАҚТЫҢ ИБН СИНАСЫ

(Халық емшісі Өтейбойдақ Тілеукабылұлының емшілік өмірі)

*Іске аспады арманым, қараң қалды,
Шың басына шығарда арандалды.
Өтейбойдақ қойыпты атымды әкем,
Жаман ат, жаман ырым, мазамды алды.
Қалмады ұрпақ Өтейбойдақ аяңдалды.
Мені өшірмес «Шипагерлік баян» қалды....
(Өтейбойдақ Тілеукабылұлы)*

Қазақтың алғашқы ибн-Синасы, шипагер бабамыз Өтейбойдақ Тілеукабыл ұлы емшіліктің қыры мен сырына жастайынан қызығып, әрі оған құмар болып, ерте жасынан ақ меңгеріп өсті. Қазақ ханы әз Жәнібек ханның бұйырығымен әлемге әйгілі болған «Шипагерлік баян» кітабын хан ордасында 78 жасында бастап, 5000 беттік кітабын 85 жасында аяқтаған еді. Алайда Әз Жәнібек хан кезекті жаудың шабуылында қаза тапқаны себепті, бабамыздың бұл еңбегін көрмей кеткен еді. Шипагерлік баян кітабында емші өзінің емшілік жолын таңдауына әкесі Тілеукабылдың әсері болғандығын жазады. «Қырықтың бірі – қызыр, жетінің бірі – әулие» деген әке өсиетін бұзбай, дәрілік мақсатта қырық бір шөптің қоспасы мен жеті шөптің басынан сырқатқа дәрулік болатын дәрісін жасағанын және емдік, дәрілік шөптерді қырық түрлі атаулы жер қыртысынан жинағанын жазған. Қазақ халқының шипагерлік ілімін ғылыми жолмен дамытуда Ө.Тілеукабылұлы дала зертханасы арқылы 1108 түрлі дәрі - дәрмек түрін 858 түрлі дәрілік өсімдік пен 318 жан-жануар мүшелері және 60-тан астам металл-металлоидтар жасаған. Шипагер науқас адамдарға арнап 1050 түрлі шипалық емнің атауын, 4577 шипалық дәрілік емдік тізбесін (нақты – 13000 түрін) ұсынып, 430-дан аса адамның сыртқы және ішкі денесінің анатомиялық тұлғалық атауын жазып қалдырған екен. Бұл қазақ жерінде XV ғасырдың өзінде ақ фармакология ілімінің алдыңғы қатарда дамығандығын дәлелдесе, екіншіден, шипагер-ғұламаның тұжырымдары өзінің уақытындағы және бүгінгі күндегі шипагерлік ғылымның арасында ешқандай айырмашылықтың жоктығын дәлелдеп отыр. Сонымен бірге, адамның денсаулығын нығайту, сақтау және қорғау барысында өзінің жазған

құны жетпес, бағалы, бүгінгі ұрпаққа мирас ретінде қалған «Шипагерлік баян» кітабында емшілік жолдың қыры мен сыры баяндалған, қазақтың шипагерлік өнеріне жол салғандығын білдіреді[2].

Халқымыздың емдік әдіс-тәсілдерін дамыту барысында шипагер бабамыздың өзінен бірнеше ғасырлар бұрында өмір сүрген атақты құламалардың еңбектерін пайдаланғандығы байқалады. Сөйтіп, медициналық, шипагерлік, философиялық, тарихи-этнографиялық, рухани-діни, әдеби, т.б. еңбектерді оқып, тұжырым жасап, өзінің емшілік тәжірибесінде қолданған. Осының нәтижесінде бабамыздың «қараузген шипагер» атағын қазақ ханы әз Жәнібек ханның өзінен алған деседі. Ханның тарапынан қойылған сұрақтарға мүдірмей, білімділігінің арқасында жауап берген бабамызға «Жарайсың, Қарабас! Басың нағыз алтын бас, тілің нағыз ғауһартас екен. Қараузген шипагер екенсің» – деп бағасын алған екен.

Қазақтың ұлы ғұламасы, атақты шипагері Өтейбойдақ Тілеукабылұлының емшілік жолындағы ауру-сырқауды емдеудің қыры мен сырлары бүге-шігесіне дейін баяндалған атақты еңбегі бүгінгі ұрпаққа баға жетпес құнды ұлы мұра болып қала бермек.

Такебаева М.К., проф Сапарбеков М.К., ст преп Адилова М.Т.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

СОВЕРШЕНСТВО ЗДОРОВЬЯ – ЭТО СЧАСТЬЕ

Цель настоящей работы является ознакомление студентов с философскими идеями аль-Фараби, для формирования профилактического подхода к проблеме укрепления здоровья отдельных людей и общества. Абу Наср Мухаммад ибн Тархан ибн Узлаг Аль-Фараби известен на мусульманском Востоке как «Второй учитель» (т.е. второй после Аристотеля) родился в г Фарабе в 870 г в тюркской семье. Руководимый жаждой знаний, Аль-Фараби в молодые годы отправляется в путешествие. Многие годы он проводит в Багдаде- политическом и культурном центре халифата. Здесь он основательно пополняет свои знания, входит в контакт с видными учеными и в скором времени довольно быстро занимает среди них главенствующее положение. С этого времени начинается его нравственно-интеллектуальное совершенствование, становление его как великого, восточного философа. Опираясь на политические и этические идеи греческих философов, прежде всего Платона и Аристотеля и используя социальные идеи Древнего Востока, аль-Фараби разработал ярко выраженную гуманистическую философию. Его гуманизм основан на бескомпромиссном признании абсолютной ценности человека как личности.

Счастье-это цель к которой стремиться каждый человек, ибо оно является неким совершенством. Известно, также высказывание аль-Фараби, что совершенство человека –это здоровье, если есть здоровье, то его следует сохранять, если нет то его следует приобрести. По мнению аль-Фараби, здоровье достигается путем соблюдения следующих мер: умеренной диеты, умеренном труде. Только в этом случае приобретается сила и хорошее состояние души, совершенствуется счастье. Философские высказывание аль-Фараби о здоровье, его настоящем укреплении, как никогда сегодня актуальны в нашем обществе. По мере того как меняется человеческое общество меняются и проблемы здоровья. По данным ВОЗ (2012), к числу главных проблем стоящих перед общественным здравоохранением относятся: неравенства в отношении здоровья, экономический кризис, глобализация, миграция, урбанизация, ухудшение окружающей среды и изменение климата.

В настоящее время хронические заболевания, такие, как сердечно-сосудистые заболевания, онкологические, психические заболевания определяют в основном уровень заболеваемости и смертности в большинстве развитых странах. Сегодня главной причиной смертности является уже не инфекции, а такие заболевания, как инфаркт, инсульт, диабет, рак и т.д.

Эксперты ВОЗ прогнозируют, что к 2020 году появятся:

Болезни, связанные с образом жизни: заболевание системы кровообращения, онкологические болезни, травмы, отравления, несчастные случаи;

Болезни, связанные с рискованным поведением человека (ИППП, ВИЧ инфекция, наркомания);

Болезни, связанные с экологией (эколого-зависимые заболевания);

Болезни, связанные с миграцией, с социальными конфликтами;

Болезни, прежде не известные (например, ВИЧ/СПИД);

Особую тревогу вызывают: тенденция к распространению курения, злоупотребления овощей и фруктов (нерациональное питание), малоподвижный образ жизни (гиподинамия).